

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі



Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Алматы қаласы білім басқармасы
«Алматы құрылыс - техникалық колледжі»

Бекітемін
Директор

_____ **И.Нурмуханбетов**
_____ тамыз 2017 жыл

**Колледж студентінің ар - намыс
КОДЕКСІ**

Мен, студент, өз жауапкершілігімді сезіне отырып, Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға, бәсегеге қабілетті және сұранысқа ие құрылыс саласы, жиһаз өндірісі, республиканың энергетика және көлік секторы мамандықтарды игеріп, өзімді тұлғалық жағынан ең жақсы қасиеттерді дамытуға, мамандық бойынша тұрақты күзiреттілікті игере отырып осы АР- НАМЫС КОДЕКСІН қабылдаймын.

Мен, Колледж студенті МІНДЕТІМЕ АЛАМЫН:

1) **Ішкі тәртіп ережелерін** және басқа да колледждің нормативтік актілерін **сақтауға**, сабаққа қатысуға, берілген тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы және адал орындауды. Маған қатысты барлық жұмыстарды оқуда жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін орындауға міндеттімін;

2) Колледждің инженерлік – педагогикалық құрамына және колледж қызметкерлеріне **дөрекілік танытпай, құрметпен қарауға;**

3) Жоғары мәдениетті, студенттік қауымдастыққа деген сенім мен өзара сыйластық атмосферасына **қамқорлық жасау;**

4) **Колледж дәстүрін құрметтеуге, колледж мүлкіне мұқият және ұқыпты қарауға:** оқу ғимаратының, оқу - өндірістік шеберханасының жиһаздары мен басқа құрылғыларға зиян келтірмеу, кабинет, парта мен басқа орындарға жазбау. Мен колледждің кітапхана қорына ұқыпты қарауға міндеттімін;

5) Барлық жаман әдеттерден және салауатты өмір салтын ұстанбаудан **бас тартамын.** Біреудің мүлкін ұрлауға, мас күйінде келуге, спиртті сусындарды пайдалануға, колледж аумағында және ғимаратында темекі шегуге, сабақта және кітапханада мобильді телефонмен қатты сөйлесуге, сағыз шайнауға, қалағаныңды істеуге, интимді сезімдерді шу мен басқа әрекеттерді, оқу үдерісіне зиян келтіруге **БОЛМАЙДЫ.**

6) **Ұқыпты киіну;**

7) **Тәртіпті болуға** және кешігуге жол бермеу, сабақтан себепсіз қалмау;

8) Студенттер қауымдастығы мен Колледж имиджіне нұқсан келтіретін **мінез – құлықтан аулақ болу;**

9) Колледж студентінің **ар – намысы мен қадір-қасиетін жоғалтпауға барлық күш – жігерін жұмсау.**

Колледж әкімшілігімен, оқытушылар мен өндіріс шеберлерімен **менің қарым-қатынасым сенімге негізделген, жемісті ынтымақтастық пен өзара түсіністікке, өзара жауапкершілікке құрылған.**